

## **Құрметті әріптестер!**

Алдымен, **Дін істері агенттігінің Төрағасы Қайрат Қайырбекұлы Лама Шарифке** мазмұнды баяндамасы үшін **алғыс білдіруге** рұқсат етіңіздер.

Баяндамада еліміздегі діни ахуал туралы және Агенттік жүргізіп жатқан жұмыс жөнінде жан-жақты мағлұмат берілді.

Жалпы, **еліміздегі діни ахуал тұрақты** екенін және азаматтардың осы саладағы **құқықтарын** іске асыруы үшін мемлекет тарапынан қажетті жағдайлар жасалып жатқанын атап өту керек.

Сонымен бірге, **мемлекет міндеті** - халықаралық нормалар мен тәсілдерді ескере отырып, осы саладағы **қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады.**

Парламент 2011 жылы қабылдаған **«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң** осы мақсаттарға бағытталған.

Және **бұл Заң өзінің пәрменділігі мен тиімділігін көрсетіп отырғанын** атап өткен жөн.

Дін істері агенттігі осы Заңның ережелерін іске асыруда ауқымды жұмыстар атқарып жатқанын да айту керек.

Заңға сәйкес мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауының негізгі тетіктері қалыптастырылған.

Сондықтан, әріптестер, Парламент 2011 жылы қабылдаған **Заң ішкі саяси процестерде өзінің позитивті рөлін атқарды және еліміздегі діни ахуал тұрақтылығының факторы болып табылады** деп айтуға толық негіз бар.

### **Құрметті әріптестер!**

Діни сала өзгермелі сипатқа ие. Сондықтан да, ол ұдайы назарда ұстауды және оған мониторинг жүргізіп отыруды қажет етеді.

Бұл ретте, біздің Комитет бүгінгі таңда **мынадай міндеттердің** өзекті болып отырғанын атап көрсетеді.

**Бірінші.** Діни қатынастардың барлық субъектілерінің «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» **Заңның нормаларын бұлжытпай орындауын қамтамасыз ету керек.**

Заңда осы саладағы қоғамдық қатынастарға қатысты көптеген нормалар нақты жазылған.

Сондай-ақ, миссионерлік қызметті жүзеге асыруға; діни әдебиетті таратуға; діни бірлестіктерді құруға; діни ғимараттардан тыс жерлерде діни жоралар мен

жиналыстарды өткізуге қатысты нормалар да қамтылған.

Бұл нормалардың барлығы халықаралық практикаға сай келеді және азаматтарымыздың құқықтарын бұзбайды.

Сондықтан, **Дін істері агенттігінің басты мақсаты - Заң ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.** Және осы жұмысты ең алдымен **өңірлерде** жүргізу қажет.

Сонымен қатар, «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін Агенттіктің аумақтық органдарының штаттық лимиті **(86 бірлік)** жергілікті атқарушы органдарға берілетінін атап көрсету керек.

Сол себепті, жұмысты әлсіретпеу үшін, Агенттіктің осы бағыттағы негізгі міндеті - **жергілікті атқарушы органдардың** мемлекеттік қызметтер көрсетудегі және діни қатынастар саласындағы **қызметін үйлестірудің тиімді механизмін әзірлеу** болып табылады.

**Екінші.** Азаматтардың ар-ождан бостандығына құқықтарын шектемей, **діни төзбеушілік пен діни экстремизмнің алдын алудың тиімді жүйесін** қалыптастыру маңызды міндет болып қала бермек.

Қазақстан соңғы жылдары діни экстремизм проблемасымен бетпе-бет келгенін жасыра алмаймыз. Бұл көбіне елімізге сырттан әсер етудің, халықаралық радикалды діни орталықтардың нақты бағытталған жұмысының нәтижесінде орын алды.

Өткен жылдың соңында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Оның негізгі мақсаты – терроризмнің алдын алуда барлық тиісті мемлекеттік органдардың күш-жігерін жұмылдыру болып табылады.

Осы Заңға сәйкес Дін істері агенттігі өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар тізіміне енді.

Сол себепті, Агенттік осы Заңда қамтылған тетіктерді іске асыруға белсенді түрде қатысуға тиіс.

Тағы бір маңызды міндет – азаматтарымызға моральдық тұрғыдан және олардың денсаулығына зардап келтіретін **әртүрлі тоталитарлы секталар мен жалған діни топтардың әрекет етуіне**, соның ішінде Интернет арқылы, **тосқауыл қою** болып табылады.

**Үшінші.** Діни радикализмнің алдын алу үшін **жүйелі түрдегі үгіт-насихат жұмысын** жалғастыру қажет.

Экстремистермен күресті ең алдымен, идеялық деңгейде жүргізген жөн болады. Егер осы жұмысты тиісті деңгейде атқара алмасақ, күш қолдану әдістерінің оң нәтиже бермейтіні анық.

Негізінен, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарынан құптарлық материалдар шығып жатқанын атап көрсетуге болады.

Осы жұмысты одан әрі жалғастыра отырып, бұл мәселелер бойынша өз позициямызды нақты түсіндіруіміз керек.

Осыған орай, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев **«біздің түбіміз – түрік, дініміз – Ислам, сондықтан, қасиетті кітабымыз – Құран»** деп шегелеп айтты.

Біздің ата–бабаларымыз ханафи мазхабын ұстанған. Ханафи мазхабының басқа мазхабтардан ерекшеліктерін көбірек айтып, түсіндіру керек.

Салафизмнің бізге жат ағым екенін тайға таңба басқандай етіп ұғындырып, дәлелдеп беруіміз қажет. Сондай-ақ, кез келген дәстүрлі діннің бейбіт мақсатқа және рухани дамуға бағытталғанын ұғындыру қажет.

Қазіргі кезде мемлекеттік арналарымызда осы тақырыпқа арналған апта сайынғы арнайы екі бағдарлама ғана бар. Олар - «Қазақстан» арнасындағы «Иман айнасы» және «Ел Арнадағы»

«Білім Сенім. KZ. ». Және «Қазақ радиосында» бір арнайы айдар бар.

Сондықтан да, осы бағыттағы жұмысқа мемлекеттік емес телеарналарды да тарту мәселесін қарастыру керек шығар. Сондай-ақ, осындай ақпараттық жұмысқа қоғамдық ұйымдарды, интеллигенция мен депутаттарды кеңінен араластыру қажет деп ойлаймыз.

### **Төртінші міндет. Жастардың діни сауаттылығын арттыру.**

Бүгінгі таңда мектептерде 9-шы сыныптарда «Дінтану негіздері» деген пән оқытылады. Оған факультативтік сағаттардың есебінен оқу жылында 34 сағат бөлінген.

«Дінтану негіздері» сынды пән арқылы дін жайында түсінікті жастайынан, мектеп жасынан қалыптастыру арқылы жалған немесе радикалды діни ұйымдардың жетегінде кетудің алдын-алуға болады.

Сол себепті, алдағы уақытта оқыту сапасына көңіл аудара отырып, методологияны жетілдіріп, осы пәнге арналған сағат санын ұлғайтуды қарастырған жөн болар еді деп санаймыз.

Мемлекетіміз үшін тағы бір маңызды міндет – **жоғары білікті дінтанушыларды және исламтанушыларды даярлау.**

Қазіргі кезде дінтану, исламтану және теология саласындағы бакалаврларды алты жоғары оқу орны дайындайды. Студенттердің жалпы саны - 1500 адам. Ал осы саладағы магистрлерді бес жоғары оқу орны даярлауда. Магистранттардың жалпы саны - 95.

Соңғы жылдары 390-ға жуық жастарымыз дінтану мамандығы бойынша жоғарғы білім алып шыққан.

Осындай жастардың **өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуына** жәрдемдесіп, оларды алдағы уақытта үгіт-насихат және ақпараттық жұмысқа кеңінен тарту қажет.

Бұл ретте, мүмкіндігінше, азаматтарымыздың шетелде беймәлім және күмәнді діни оқу орындарында дәріс алуына жол бермеу керек.

**Бесінші. Қоғамымызды біріктіру, еліміздегі рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау** мақсатында дәстүрлі діндермен жүйелі түрдегі өзара іс-қимылды қалыптастыру қажет.

**Дінаралық толаранттылық пен келісім мәдениетін насихаттау** қоғамымыздың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл ретте, дәстүрлі діндердің орасан зор ресурсы бар.

Атап айтқанда, **Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасын және Православ шіркеуінің**

**Қазақстандағы Митрополиттік округін үгіт-насихат, тәрбие жұмысына және елімізде конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуге көбірек тарту қажет.**

**Елбасымыз негізін қалаған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездерін өткізу дәстүрге айналғаны баршаға мәлім.**

Президентіміздің салиқалы саясатын жүзеге асырып, Қазақстан болашақта да **дінаралық диалог пен келісім орталығы** болып қала беру үшін жұмыс істеуіміз керек.

Осыған байланысты, Дін істері агенттігі еліміздегі діни тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етуде нәтижелі жұмыстарды жалғастыра береді деп сенеміз.

**Сөз соңында Агенттік ұжымына осындай жауапты қызметте мол табыстар мен жаңа жетістіктер тілеймін.**

Назарларыңызға рахмет.